

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің негізгі тарихи деректері

- 1966 жылы Университет негізі қаланды
- 1985 жылы «Материалдардың радиациялық физикасы» алғашқы ғылыми зертханасы ашылды
- 1990 жылы қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, лингвист-ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді
- 1991 жылы «Жұбановтану» ғылыми зертханасы ашылды
- 1998 жылдан бастап үздік студенттер ҚР Президентінің стипендиясын иеленді, соңғы 5 жылда 206 студент Президент стипендиясының иегері
- 2004 жылы Университет Болон процесіне қосылып, «бакалавриат-магистратура-докторантура» 3 деңгейлік оқу бағдарламаларына көшті
- 2004 жылы алғашқы магистратура мамандықтарына лицензия алынды
- 2008 жылы алғашқы бакалаврлар бітіріп шығып, магистратураға жолдама алды
- 2010 жылы ҚХР ЖОО халықаралық байланысы негізінде Конфуций институты ашылды
- 2012 жылы PhD докторантураға математика мамандығы бойынша лицензия алынды
- 2012 жылдан бастап Ақтөбенің өндірістік және білім беру мекемелерінде 16 кафедра филиалы ашылды
- 2013 жылы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бірігуі негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып ұйымдастырылды
- 2013 жылы оқу процесін ұйымдастыру, бақылау мен бағалау «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне көшіріліп, 2016 жылы «Универ» ақпараттық бағдарламалау кешеніне енгізілді
- 2014 жылы «Серпін» әлеуметтік бағдарламасымен алғашқы 150 талапкер гранттық негізде оқуға қабылданды
- 2016 жылы «E-Learning» ғылыми-тәжірибелік орталығы ашылып, электронды орта мен оқулықтар, вебинарлар, онлайн-конференциялар ұйымдастырудың жаңа технологиялары жасақталды
- 2016-2017 оқу жылы ғылыми-тәжірибелік технопарк пен жаңа 500 орындық жатақхана (3-ші ғимарат) құрылысы басталды